

**Ағылшын тілі, оның қазіргі қазақстандағы мүмкіншіліктері,
қолдану аясы және ертеңгі болашағы**

Өмірзақова Айбала Рамазанқызы
«Тұран-Астана» университетінің
ағылшын тілі пәнінің оқытушысы
Айтбай Эльнура
«Тұран-Астана» университетінің
студенті

Қазіргі таңда ағылшын тілі әлемде аса үлкен мәртебеге ие... Біз осы шағын ғылыми мақаламызда, негізінен, ағылшын тілі, оның қазіргі Қазақстандағы мүмкіншіліктері, қолдану аясы және ертеңгі болашағы тақырыбына қатысты өзекті мәселелерге тоқталып өтеміз...

«...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады...», - деген еді ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мәні зор мақаласында [1]. Ал біздер осы мақалада айтылған өзекті мәселелердің бірі - әлемдік өркениетке тезірек қадам басуға тікелей ықпал ететін планеталық өзара қатынас пенақпарат тілі - ағылшын тілі жөнінде баса айтпақпыз.

Ағылшын тілі — халықаралық тіл. БҰҰ-ның алты тілінің бірі болып саналады. Ағылшын тілі — дүние жүзіне ең кең таралған тіл. Үнді-еуропа тілдерінің батыс герман тілдеріне жатады. Ағылшын тілі құрылымы жағынан флективті. Ұлыбритания, АҚШ, Аустралия, Жаңа Зеландияның мемлекеттік тілі болып табылады. Канадада (француз тілімен қатар), Ирландияда (ирланд тілімен қатар) мемлекеттік қос тілдің бірі. Алты құрлыққа кең тараған бұл тілде қазір 400 млн-нан астам адам сөйлейді [2].

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін

адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деп айтқан еді[3]. Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие.

Мәдениетті, жан-жақты, ұлтжанды, рухани дүниесі бай жастар тәрбиелеп шығару оқытушының басты мақсаты. Жаһанданған заман елімізді барлық елдермен бәсекелесе дамуға итермелейді. Тілдің қажеті артқан сайын, сұраныс артқан сайын осы қажетті қамтамасыз ету үшін арнайы шараларда жиі ұйымдастырылып тұрады. Бәсекелестікте тек мықтылар ғана жеңіп шығады, ал бәсекеге шыдай алмайтындар жеңіліске ұшырайды. Қазіргі заман ашықтық пен жан-жақтылықты талап етеді. 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған еліміздің даму стратегиясында қазақ тілін өркендету мен шет тілдерді оқыту мәселесіне айрықша мән берілген. Шет тілін білу сән емес, заман талабы екені белгілі. Туған тілді жетік меңгеруді, қастерлей білуді мақсат етіп қою керек. Бірақ бір тілмен ғана шектеліп қоймай, жан-жақты болуға, тіл үйренуге талпыну керек. Ағылшын тілін үйренуге негізгі себептер:

1. Халықаралық кездесу, көрме, мәдени шаралар ағылшын тілінде өтеді. Жыл сайын миллиондаған кітап, деректі және көркем фильм осы тілде шығады.

2. Ақпарат құралдарының, жарнаманың компьютерлік технологиялардың негізгі тілі. Кез-келген өзекті жаңалықты ағылшын тілінде табуға болады.

3. Бизнес тілі. Еуропалық трансұлттық компаниялардың бәрінде ағылшын корпоративтік тіл. Өйткені, бұл мекемелерде әлемнің әр қиырынан келген қызметкерлер жұмыс істейді. Ондағы іскерлік келіссөздер, өзара жазбалар,

телефонда сөйлесудің баршасы да тек осы тілде ғана.

4. Жер жүзіндегі студенттердің қатынас тілі. Facebook, Twitter, Instagram желілері арқылы жастар танысып, ақпарат, сурет, хабарлама алмасып, видео бөліседі.

5. Саяхат тілі. Бүгінде Ғаламның қай бұрышына бармаңыз, Сізді ағылшын тілді гид қарсы алатыны анық. Тіпті, ағылшын тілінде сөйлемейтін елдердің өздерінде туристіктің ағылшын тілі. Мәселен, «ЭКСПО -2017» көрмесінде меймандарды қарсы алатын ағылшын тілді волонтерлардайындалды. ежелде басып алған Англосаксондардың тілі, бірақ жауланған кельттердің тілдері де әсерін тигізген.

Қазіргі таңда ағылшын тілін оқып-үйренудің маңыздылығы. Бүгінгідей ғаламдық жаһандану кезеңінде, ғылым мен техниканың қарыштап дамыған ХХІ ғасырда әлемнің көшбасшы елдері мен алпауыт мемлекеттерінің жетегіндекетпес үшін, жас тәуелсіз еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде еліміздің экономикасын көтеріп, өндірістерін жандандыру маңызды болмақ. Ол үшін ең алдымен отандық білім және ғылымды дамыту қажет. Әрбір қазақстандық қызметкер, болашақ білікті кадрлар- бүгінгі студенттер, оқушылар мен жастар білімді болуы тиіс. Білікті кадрлар – білімді жастардан шығады.

Жас тәуелсіз елімізді әлем танып, абыр ойын мойындап отыр. Еліміз барлық сала бойынша әлем алдында өзіндік орны бар, саяси маңызы бар халықаралық ұйымдар мен әлемдік қауымдастық алдындасаяси салмағын танытты. Саяси экономикалық тұрақты елімізбен әлемнің көптеген елдері саяси-мәдени және экономикалық байланыс орнатуға қызығушылық танытып отыр. Осы негізде заман талабына сай мемлекеттік немесе жеке тұлғалардың табысты әрекет етуінің негізгі факторларының бірі – шеттілін білуі болып табылатыны ақиқат.

Әлемнің дамыған елдерінде білім- экономиканың өндіруші саласы болып табылады. Нақтырақ айтқанда, білім мен ғылым өзін-өзі асырайды және елді де асырайды.

Европа елдерінде әрбір европалықтардың кем дегенде халықаралық қолданыстағы екінші тілін меңгерту- азаматтардың шет тілін меңгерудегі білім саласының ең басты бағытының бірі болып саналады. Ең алдымен экономикасының тасы өрге домалап тұрған елдердің тілін үйретуге ерекшеназар бөледі.

Елбасы 2006 жылғы халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени бағдарламасын ұсынған болатын. «Тілдердің үш тұғырлығы

дегеніміз ол мемлекеттік тіл- қазақ тілі, ұлтаралық тіл- орыс тілі, ал ағылшын тілі- жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі»- деп атап айтқан болатын. Еліміздің тізгінін ұстар бүгінгі жастарымыз әлемнің қай бұрышында болмасын бәсекеге қабілетті маман болуы үшін шет тілін меңгерудің маңызы зор.[4]

Ал 2011 жылғы 28 қаңтардағы Жолдауында былай деп атап өтті: «Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу- әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп ойлаймын.»[5]. Елбасының тілдерді дамытуға бағытталған бұл жобасының стратегиялық мәні зор.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері Мемлекет басшысы білікті мамандар дайындау ісіне ерекше көңіл бөліп келеді. Кең байтақ елімізді дамыту, оның қойнауындағы жатқан ен байлықты тиімдігеру, дамыған елдердің озық технологияларын меңгеру жолында білікті мамандар ешқашан көптік етпейді. Ал шет елдердің даму тарихын, ондағы ғылым мен білімдегі жаңалықтарды үйренуге, озық инновациялық технологияларды меңгеруде шеттілін білу-отанымыздың әлемдік көштен қалмауға өз септігін тигізеріне ешкім дауайта алмас. Осының айқын дәлелі – Елбасының бастамасымен өмірге келген «Болашақ» бағдарламасы. Осы бағдарлама бойынша әлемнің озық мемлекеттерінде білім алған жастарымыз қазіргі таңда еліміздің түрлі саласында табысты қызмет атқарып, жарқын болашағына өз үлестерін қосуда. Ағылшын тілін үйретуде оқытудың әр түрлі озық технологияларын қолданудың маңызы аса зор. Ағылшын тілін оқытудың негізгі мақсаты коммуникативтік қатынасты дамыту, ал жеке тұлғаны қалыптастыру гуманитарлық бағытқа негізделген.

«Жобалау» әдісі 1920 жылдары АҚШ-та алғаш рет жарық көрген. Американдық философ және педагог Дж.Дьюи өзінің шәкірті Килпатрикпен бірге зерттеп жетілдірген. Олар ең алдымен оқушының танымдық және шығармашылық бірлескен іс-әрекетіне басты назар аударды. Барлық теориялық оқып үйренгендерін іс жүзінде жүзеге асыруға оқушы міндетті. Жобалап оқыту әдісі көптеген жаңашыл ғалымдардың жұмыстарында да баяндалған. Мысалы, Г.К.Селевко, Е.С.Полат, Н.Р.Көпжасарова, Г.Ш. Әлназарова және т.б. Бірлесіп біліктілікке оқытудың жолдары:

1. Топта оқыту. Білім деңгейі төмен оқушы берілген тапсырманы орындауға жұмсаған күш жігерімен, ынтасына қарай бағаланады. Топ басшысы білім

деңгейі төмен оқушыға барынша көмектеседі, бірақ оған берілген тапсырманы ешуақытта орындамайды. Топ басшысының міндеті-түсінбеген сұрақтарға көмектесу.

2. Бірлестікте оқытудың келесі түрін 1978 жылы Э. Арсон құрастырған. Бұл әдісті «Finesaw» деп атаған. Бірнеше бөлімге бөлінген оқу материалдарымен жұмыс істеу үшін 4-6 оқушыдан тұратын топ құрылады. Әрбір топ мүшесі берілген тақырып бойынша өз бетінше материал іздестіріп, сол тақырып бойынша жұмыс істейтін басқа топ мүшелерімен пікір алмасады. Бұл әдіс-тәсілді «Сарапшылар» кездесуі деп атайды. Содан кейін оқушылар өз топтарына оралып, білгендерін біріне-бірі айтып ой-пікір алмасу процесі жүреді. [6]

Ағылшын әлемдік қарым-қатынас тілі ғана емес, ғылым мен технология, алдыңғы қатарлы ілімнің тілі болып отыр. Көптеген ғылыми кітаптар ағылшын тілінде жарық көреді. Олардың аударылуын күтіп отырсақ, жаңалықты кеш біліп, тақырыптың өзектілігін жоғалтып аламыз. Елдегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында сабақ ағылшын тілінде жүреді. Ол білім ордаларының басшылары шет елдің үздік профессорларын шақыртып, студенттерге олардың тәжірибесін алып қалуына жағдай жасайды.

Жаһандану жағдайында ағылшын тілін еркін меңгеру инновациялық технологияларды игеруге, ғылыми идеяларды және білім бағдарламаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келе мына бір өзекті мәселелерді қадап айтқанды жөн көреміз: біріншіден, шет тілін жетік меңгеру – әлемдік бәсекелестікке қабілетті болудың алғышарты; яғни, дамыған елдерден озық болып, алға шығу мақсатында қазіргі жетістіктермен шектеліп қалмас үшін көптілділікке ұмтылу;

-екіншіден, ағылшын тілін меңгеру күн тәртібінің басты мәселелерінің қатарында тұр. Өйткені,

табысты ел болуымыз үшін еліміздің барлық рухани құндылықтарын насихаттап, өнері мен мәдениетін, тарихын, біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіруге апаратын қарышты қадамдардың бірі – көптілділік мәселесі.

-үшіншіден, Қазақстанның ғаламдық прогреске жетуінде ағылшын тілін білудің маңызы зор. Қазіргі кезде ақпараттың көпшілігі ағылшын тілінде жарияланатындықтан ағылшын тілін білуіміз шарт. Жаһандық ақпаратты білмей, алға қадам басу қиынға түседі. Өйткені, жаңа технология, өндіріс, экономиканың тілі – ағылшын тілі болып табылады.

-төртіншіден, бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы секілді бағыттарды ескере келіп, көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын және қоғамның жаңғыруы үшін ағылшын тілін жетік меңгерудің маңызы өте зор деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. - Егемен Қазақстан. 2017.12.04.

2. https://kk.wikipedia.org/wiki/Ағылшын_тілі

3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050»

Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. - Егемен Қазақстан. - 2012.12.14.

4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. - Егемен Қазақстан. - 2006.05.01.

5. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_präsident/kazakstanrespubli_kasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-28012011zh_1341123781

6. https://kk.wikipedia.org/wiki/Жаңа_білім_беру_жүйесі